Мұнай экспорты бойынша шеутелер- ҚР ЭЖМРМ квоталары табылған мұнайдың қанша көлемін компания жоғарғы бағамен сата алатындығы, ал қай бөлігін қайт өңдеп немесе төменгі ішкі бағалармен сата алатындығын белгілейді.Контракт шарттарына сәйкес өндірістен проценттегі экспорт деңгейі 80%- га дейін белгіленген. Экспорттық куаттарды кеңейту тікелей мемлекет саясатына тәуелді болып табылады, ол осымен мемлекет ішінде қайта өңделетін және стлытан мұнай көлемін реттейді, сәйкесінше мұнай өнімдеріне бағаны да реттейді. Біздің ойымызша мемлекет ары қарай да экспорт көлемін шектейді, ол экспортты шектейді.

Тағы бір маңызды фактор- ол мұнай компанияларының салықтары. Мұнайға өте жоғары бағалар жағдайында да салықтардың күрт өсуі барлық табысты алып қоя алады. Соңғы жылдары салық салу деңгейі үнемі жоғарылап тұрды, ол мұнайға әлемдік бағалардың өсуіне де байланысты болды. Егер мұнайға бағалар жоғары деңгейде қалатын болса, жаңа салық ставкаларының өсуі күтілуде.

әлеуметтік факторларға байланысты:

әлеуметтік факторларға байланысты тәуелкелдер жоқ.

4. Қоғамның қаржылық жай-күйі

27. Инвестициялар.

Басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар жоқ

28. Дебиторлық берешек.

Акционерлік қоғамның алдында ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан астам проценті мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйым жоқ

29. Активтер.

Құны қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан астам процентін құрайтын қоғам мүлкі жоқ.

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер.

Қоғамның жарғылық капиталы: – 100 000 000 (жүз миллион) теңге.

Қоғамның меншікті капиталы: - 120 719 715 (бір жүз жиырма миллион жеті жүз он тоғыз мың жеті жүз он бес) теңге

III. Заемдар.

Компанияның № 2000/03/7 11.02.03 күнгі «Каспий Нефть» АҚ мен «БТА Банк» АҚ арасындағы Бас кредиттік келісім шектерінде кредиттік желісі бар. Белгінеген кредиттеу лимитінің аясындағы мөлшері- 76 600 мың АҚШ доллары. Компанияның ағымдағы жалпы қарызы 20 млн.АҚШ доллары және 4 320,54 млн.тенге құрайды.

Түрі	Орташа жылдық проценттік ставка	Өтелетін сомалар								
		2008 ж 3 т.	2008ж 4 т.	2009ж. 1т.	2009ж 2.т.	2009ж. 2.ж.	2010 ж	2011ж	2012 ж	2013ж
Қысқартылған	18%	1,64 млн.	-	21,79 млн.	-	-	-	-	-	-
Қысқартылмаған	18%	431,51 млн.	431,76 млн.	492,95 млн.	438,08 млн.	951,59 млн.	1685,9 млн.	941,34 млн.	658,36 млн.	93,16 млн.

III. Қоғамның негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешектегі міндетшілер алдындағы берешек, алынған аванстар):

Қоғамның алдында қоғамның баланс активтері құнының бес және одан астам проценті міндетшілер алдында берешегі бар ұйым жоқ.

5. Қаржылық ұйымдардың қаржылық жағдайы

III-43 қоғам қаржылық ұйым болып табылмайды.

6. Бағалы қағаздардың шығарылымдары туралы мәліметтер (акциялар шығарылымы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңы қабылданғанға дейін тіркелген қоғамдар үшін)

44. Барлық тіркелген бағалы қағаздар шығарылымдарына қатысты:

1) бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының жалпы саны, түрі және әрбір шығарылымдағы бағалы қағаздың номиналдық құны, шығарылым нысаны: 10 000 (он мың) дана, жай атапулы акциялар, номиналды құны 10 000 (он мың) тенге, жалпы саны 100 000 000 (жүз миллион) тенге, шығарылым нысаны құжатсыз..

Бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган: Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар бойынша Ұлттық комиссиясы

Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі: A2883

Бағалы қағаздарды тіркеу күні: 17.07.2000ж.

Акциялар шығарылымы жойылған жағдайда - жойылған күні және осы шешімді шығарушының себебі:

Акциялар шығарылымы жойылған жоқ.

2) бағалы қағаздарды орналастыру күнінің басталуы және аяқталуы.

Басталуы - 17.11.1997ж

Аяқталуы - 12.07.2000ж.

4) Аукциондар немесе жазылымдар өткізу шарттары мен тәртібі туралы, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен қоғамның бағалы қағаздарды сатып алған кездегі қаржы белгілеу әдістемесі туралы ішкі құжаттарды қабылдау күні:

қоғамның бағалы қағаздарды сатып алған кездегі құнын белгілеу әдістемесі туралы ішкі құжат 2005-2008 жылдың жалғыз акционердің шешімімен қабылданды.

5) қоғамның бағалы қағаздар ұстаушыларының алдында өз міндеттемелерін орындамауы, облигациялар бойынша сыйақыларды төлемеуі (төлемді кешіктіруі), жай және артықшылықты акциялар бойынша төлемеуі (төлемді кешіктіруі), орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындаудың мерзімі өткен күні туралы ақпаратты әрбір жыл және акциялар түрі бөлігінде орындауды көрсетуді қоса алғандағы фактілер туралы мәліметтер. Дивидендтерді есептеу және төлеу бойынша берешектер болған жағдайда қоғамның аталған берешекті өтеу үшін қабылдаған шараларын көрсету:

Қоғам акционерімен дивидендтре төлеу туралы шешім қабылданбаған.

6) бағалы қағаздарды орналастыру немесе айналысқа жіберу уақытша тоқтатылған немесе бағалы қағаздар шығарылымы жарамсыз деп танылған жағдайларда осы шешімді қабылдаған мемлекеттік орган шешім қабылданған күнді және оның негіздемесін көрсетуі тиіс:

болған емес.

7) облигациялар бойынша төлемдердің өтеу күні және жалпы мөлшері облигацияларды орналастыру нәтижесінде тартылған ақша сомасын көрсете отырып көрсетіледі:

сондай операциялар өткізілмеген

8) бір акцияға (жай, артықшылықты) есептелген және төленген дивидендтің сомасы және соңғы екі қаржы жылының ішіндегі әрбір жыл үшін әрбір акция түрі үшін дивидендтің жалпы сомасы:

дивидендтер есептелмеген және төленбеген

9) сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауын қоса алғанда, қоғамның бағалы қағаздарымен сауданы ұйымдастыратын және ұйымдастырмайтын рыноктарында орналасқан бағалы қағаздар санын көрсеткендегі бағалы қағаздармен сауда жасалатын негізгі рыноктар.

Қоғам бағалы қағаздары саудалау жүзеге асырылмаған

44-1. Егер қоғамның акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналыста болған жағдайда, жылдар бойынша бөле отырып соңғы аяқталған үш жыл үшін, тоқсан бойынша бөле отырып соңғы аяқталған екі жыл үшін, акциялар шығарылымының перспектісі шыққан күннен бастап соңғы алты ай үшін акциялардың ең жоғары және ең төмен нарықтық бағасы туралы мәліметтерді көрсету қажет.

Қоғамның акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналыста жоқ

Акциялардың баланстық құнының тарихы туралы ақпарат

19 кесте

	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
Жыл қорытындылары бойынша бір акцияның баланстық құны (теңге)	21 859, 45	-719,73	20 251, 94

	2006 ж.				2007 ж.			
	I т.	II т.	III т.	IV т.	I т.	II т.	III т.	IV т.
Тоқсан қорытындылары бойынша бір акцияның баланстық құны (теңге)	21 859,45	18 707,75	-701,4	-719,73	-7 19,73	-8 274,13	- 4 402,02	20 251,94

	2008 ж.					
	наурыз	Сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз
Ай сайынғы бір акцияның баланстық құны (айдың бірінші күніне) (теңге)	14 248,84	9 030,95	4 619,08	-1 815,97	12 071,97	26 472,30

7. Жарияланған акцияларды шығару туралы мәлімет

45. Акциялар туралы мәлімет:

1) акциялардың саны, түрлері: 10 000 (он мың) дана жай акциялар;

2) құрылтайшылар арасында орналастырылған акциялардың саны, түрлері: 10 000 (он мың) дана жай акциялар;

3) құрылтайшылар төлеген бір акцияның нақты құны: 10 000 (он мың) теңге

4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері: артықшылықты акциялар шығарылмайды.

46. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары.

Қоғам Жарғысына сәкес айрбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Ондай шығару туралы шешім Жалғыз акционердің шешімі бойынша қабылдана алады.

47. Төлем жасаушы агент туралы мәлімет.

20 кесте

№	Төлем жасаушы агенттің толық және қысқартылған атауы	Орналасқан жері	Байланыс телефондары	Төлем агентімен жасақан шарттың күні мен нөмірі
1	«БТА Банк» Акционерлік қоғамының Атырау филиалы АФ АО «БТА Банк»	Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Кулманова көшесі, 23	8 (7122) 58-67-05 8 (7122) 97-30-12	№ АТ-02 8.01.2003ж. № АТ-15/1 6.03.2003ж. № 074 26.05.2006ж. № АТУ 0014

23.11.2006жг.

48. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет.

Тіркеушінің толық және қысқартылған атауы: Акционерное общество «Бірінші тәуелсіз тіркеуші» акционерлік қоғамы: «БТТ» АҚ

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Хусаинова көшесі, 225үй ,321 пәтер

Байланыс телефоны: 8 (7272) 27-61-49, 27-61-45

Бағалы қағаздар ұстаушысының тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясы (нөмірі, берілген күні, лицензияны берген орган) туралы деректер:

08 сәуір 2005 жылы № 0406200360, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен берілген

Тіркеушімен шарт күні мен нөмірі:

16 қараша 2007 жылғы № 178\1

8. Қосымша ережелер

49. Акциялар шығару шығындардың сомасы:

386 297 (үш жүз сексен алты мың екі жүз тоқсан жеті) тенге.

50. Инвесторларға арналған ақпарат.

Инвесторлардың қоғам жарғысының және акция шығару проспектісінің көшірмесімен, осы құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоғамның келесі мекен-жайы бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Кулманова көшесі, 131 үй.

Байланыс телефоны мен факстың нөмірі: 8 (7122) 20-19-67, факс: 20-19-25.

Электронды почтаның мекен-жайы: Caspineft_atyrau@mail.online.kz

Қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атауы: баспасөз құралы республикалық газет «Казахстанская правда»

«Каспий нефть» АҚ Басқарма Бастығы  А.Абилдаев

«Каспий нефть» АҚ Бас бухгалтері  Ж.Дуйсебаева

м.о.



«Каспий нефть»
АҚ жалғыз акционерінің шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»
«20» наурыз 2008 ж.

**«Каспий нефть»
акционерлік қоғамының
ҚОҒАМ САТЫП АЛҒАНДАҒЫ
АКЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰНЫҢ БЕЛГІЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ**

1 Тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамаларына және «Каспий нефть» (одан әрі – Қоғам) АҚ Жарғысына сәйкес орналастырған Қоғамның акцияларын сатып алу тәртібі және акцияларды шығару кезінде Қоғамның олардың құнын айқындауының әдістемесін белгілейді.
2. Осы Ереженің күші Қоғамның өзі орналастырған акцияларын сатып алуының мына жағдайларына таралады:
 - Қоғамның бастамасы бойынша;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда акционердің талап етуі бойынша;
 - акционердің өтініші бойынша;
 - сот шешімі бойынша.
3. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуы осы Ереженің талаптарына сәйкес оларды кейін сату, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің құқықтарын тиісті түрде сақтау мақсатымен (Қоғамда акционерге тиесілі Қоғамның акцияларын сатып алу міндеттемесі пайда болған жағдайда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін басқа мақсаттарда жүзеге асырылады.
4. Қоғамның орналастырылған акцияларын Қазақстан Республикасының резидент емес акционерлерінен сатып алуы Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген талаптарды ескеріп Қазақстан Республикасының резидент емес акционерлері үшін қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.
5. Қоғамның өзі шығарған акцияларын осы Ережеде қарастырылмаған негіздер бойынша сатып алуы осы Ереженің 3 бабында қарастырылған негіздерге ұқсас жағдайларда жүзеге асырылады.

**2 тарау. ҚОҒАМНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУЫНЫҢ
ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

6. Қоғам мүдделерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын басшылыққа ала отырып, қоғам басшылығы Қоғамның орналастырған акцияларын Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау жөніндегі өтінішпен Қоғамның Директорлар Кеңесіне жүгінуге құқылы.
Атқарушы органының өтінішіне акцияларды сатып алу туралы ұсыныстар қоса берілуге тиіс, оларда:
 - 1) Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуының мақсатқа лайықтығының негіздемесі мен мақсаты;
 - 2) Қоғамның сатып алуына ұсынылып отырған Қоғамның орналастырған акцияларының саны мен түрі;

- 3) орналастырылған акцияларды сатып алудың бағасы немесе сатып алу бағасын айқындау әдісі;
- 4) сатып алудың басқа жағдайлары қамтылу керек.
7. Атқарушы органың өтінімімен келіскен жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.
8. Егер, Қоғаммен сатып алуға орналастырылған акциялардың 10 және оданда көп пайызы белгіленсе Директорлар кеңесінің шешімі акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілу керек.
9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Ережеде көзделген жағдайларда Қоғам өзі орналастырған акцияларын сатып алуға құқылы емес.
10. Қоғамның орналастырылған сатып алатын акцияларының саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс, ал орналастырылған акцияларды сатып алу шығыстары Қоғамның өз капиталы мөлшерінің он пайызынан аспауға:
- 1) Орналастырылған акциялар акционерлердің талап етуі бойынша сатып алынатын жағдайда – Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында акционерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша өзіне тиесілі Қоғамның акцияларының сатып алынуын талап етуге құқық беретін бір немесе бірнеше шешім қабылданған күндегі жағдай бойынша;
- 2) Орналастырылған акциялар Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын жағдайда – Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған жағдай бойынша.
11. Қоғамның өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Қоғам сатып алуға жариялаған акциялардың санынан асып түскен жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.
12. Бара-бар коэффициенті мына жолмен есептеледі:

$$K=A/C,$$

мұндағы

- K** - бара-бар коэффициенті;
- A** - Қоғаммен сатып алуға болатын акциялардың жалпы саны;
- C** - сатып алуға мәлімделген орналастырылған акцияларының жалпы саны.

13. Қоғамның акционерден сатып алатын акцияларының түпкі саны акционердің сатып алуға мәлімдеген акцияларын бара-бар коэффициентіне көбейту жолымен есептеп шығарылады.
14. Қоғаммен сатып алынған акциялары міндетті түрде Қоғамның құнды қағаздар ұстаушылары тізіміне кіргізілуі керек.
15. Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің келісімі бойынша сатып алуға жататын акцияларды мүлікпен төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
16. Қоғаммен сатып алынған акциялар акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатыспайды. Қоғам сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
17. Қоғамның акционерлері осы Ережемен танысуға құқылы. Екінші тараудың нормаларының қолданылуы 3,4,5 және 6 тарауларға таратылады.

3 тарау. ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ ҚОҒАМНЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША САТЫП АЛУ

18. Қоғамның бастамасы бойынша акцияларды сатып алу тәртібі.
- 1) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және осы Ережеде басқасы белгіленбесе, Қоғам өзі орналастырған акцияларды Қоғамның Директорлар

кеңесінің шығарған шешімінің негізінде акционердің келісімімен өзінің бастамасы бойынша сатып алуға құқылы.

2) Мына жағдайларда Қоғам өзінің орналастырған акцияларын сатып алуға құқылы емес:

- акционерлердің бірінші жалпы жиналысын өткізгенге дейін;
- акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп бекітілгенге дейін;
- егер акцияларды сатып алу нәтижесінде қоғамның өз капиталының мөлшері осы Заңда

белгіленген ең төменгі жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болса;

-егер акцияларды сатып алу кезінде қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі не дәрменсіздігі белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда оның барлық талап етілетін немесе сатып алу болжанатын акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

-егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса.

3) Директорлар Кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімі сатып алынатын акциялардың саны, түрі және санаты, сатып алу құны немесе құнын айқындау әдістемесін, сатып алуға өтініштер қабылданатын уақытты және Қоғам сатып алудан бас тартуға мүмкіндік алатын уақытты және сатып алудың өзге де жағдайларын қамтуға тиісті;

4) Егер Қоғамның өзі орналастырған, сатып алатын акцияларының саны акцияларды алып-сату мәмілесі бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялау арқылы өзінің акционерлеріне осындай сатып алатыны туралы хабарлауға міндетті.

5) Қоғамның өзі орналастырған акцияларын сатып алатыны туралы хабарландыруында оның сатып алатын акцияларының түрлері, саны, оларды сатып алу бағасы, жағдайлары, Қоғамның сатып алатын акцияларын сатуға өтінімдерді қабылдау мерзімі мен акцияларды сатып алудың жүзеге асырылатын мерзімі және Қоғамның оларды сатып алудан бас тартуына негіз беретін оның аяқталуы туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

6) Егер қоғаммен акционерлерден өтініштер қабылданған мерзім өтіп кеткеннен кейін сатап алуға өтініш білдірген акциялар саны қоғаммен сатып алына алатын акциялар санына асып кетсе, акцияларды қоғаммен сатып алу өтініш білдірген акциялар санына бара бар сатып аланы алады.

7) Қоғамның акцияларын сатып алу тараптармен акцияларды сату-сатып алу шарты негізінде жүзеге асырылады. Акцияларды сатып алу- сату шарты міндетті түрде ақшаны аудару үшін акционердің банк реквизиттерін немесе акционерлер қолма қол ақша ала алатын орын туралы мәліметтерді қамтуға тиіс(жеке тұлға акционерлер үшін).

8) Қоғаммен шығарылған акцияларды сатып алу туралы құжаттарды рәсімдеген кезде мерзімі өтпі кеткен жарамсыз жеке куәліктер және ескі үлгідегі паспорттар қабылданбайды

9) Акцияларды сатып алу бойынша акционермен ақырғы есеп айырысу Сатып алу сату шартымен белгіленген жағдайларда жүзеге асырылады.

19. 1) акцияларды сатып алу құнын айқындау кезінде Директорлар кеңесі келесі әдістемелердің бірімен айқындалған бағамен сатып алу туралы шешім қабыладуға құқылы:

Орташа өлшемді баға;

Ағымды нарық бағасы;

Қоғамның өз капиталының мөлшерін, қоғамның даму жоспарына, заңнама талаптарына және бағалы қағаздардың бағасын айқындауға әсер ететін басқа факторларға сәйкес;

Қоғамның ішкі құжаттарымен белгілінген тәртіпте акцияларды сатып алу аукционның өткізу арқылы белгіленген баға.

Орташа өлшемдегі баға бойынша акцияларды сатып алу.

- Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акциялар соңғы 30 күнтізбелік күн ішінде белгіленген орташа өлшемдегі бағасы бойынша өткізіледі.

- Соңғы 30 күнтізбелік күннің орташа өлшемдегі баға ұйымдасқан құнды қағаздар нарығында өткен мәмілелер бойынша есептеледі.

- Соңғы 30 күнтізбелік күннің орташа өлшемдегі бағасы тек қана құнды қағаздар сату ұйымдастырушыларының ресми деректері бойынша есептеледі. Орташа өлшемдегі баға тек қана ұлттық валютада есептеледі.
- Акцияның орташа өлшемдегі бағасы акциялар бойынша жасалған мәмілелер көлемін акциялар санына бөлу арқылы есептеледі.
- Соңғы 30 күнтізбелік күннің орташа өлшемдегі акция бағасы келесі жолмен есептеледі:

$$C_a = V / n,$$

мұндағы

C_a – орналастырған акцияларды сатып алу туралы шешім хабарланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күннің орташа өлшемдегі акция бағасы;
 V - орналастырған акцияларды сатып алу туралы шешім хабарланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күннің орташа өлшемдегі баға ұйымдасқан құнды қағаздар нарығында өткен мәмілелер көлемі;
 n – соңғы 30 күнтізбелік күн ішінде мәмілелерде қатысқан акциялардың саны. (барлық мәмілелер бойынша сәйкес көрсеткіштерді көрсетілген кезеңдегі акциялармен суммалау жолымен айқындалады)

Ағымды нарық бағасы бойынша акцияларды сатып алу:

Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акциялар директорлар кеңесі шешім қабылдаған күнге ұйымдасқан құнды қағаздар рыногонда қалыптасқан ағымды нарық бағасы бойынша сатып алынады (ұйымдасқан құнды қағаздар рыногонда қалыптасқан ағымды нарық бағасы болмаған жағдайда Директорлар кеңесі шешім қабылданған күнге). Ағымды нарық бағасы деп орташа өлшемдегі құнды қағаздың бір күнгі бағасы болып саналады.

Қоғамның өз капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарына және бағалы қағаздардың бағасын айқындауға әсер ететін басқа факторларға сәйкес

Қоғамның өз капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарына және бағалы қағаздардың бағасын айқындауға әсер ететін басқа факторларға сәйкес Қоғамның орналастырылған акциялары Қоғам бастамасы бойынша сатып алынады.
 Акциялар құны келесі бағамен айқындалады:

$$C_a = M / n,$$

мұндағы

C_a – сатып алынатын акцияның бағасы,
 M – айдың соңғы күніне саналған меншік капиталы,
 n – сатып алынғандарды қоспағанда орналастырылған акциялардың саны.

Аукцион өткізу арқылы акцияларды сатып алу бағасын айқындау.

Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акциялар аукцион өткізу арқылы. Аукционды өткізу ережелері Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі.

4 тарау. АКЦИЯЛАРДЫ АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАП ЕТУІ БОЙЫНША САТЫП АЛУ

20. Акцияларды акционерлердің талап етуі бойынша сатып алу тәртібі.

- 1). Қоғам орналастырылған акцияларын акционердің талап етуі бойынша сатып алуды өз акционерінің талап етуі бойынша жүзеге асырады, оған мына жағдайларда берілуі мүмкін:
- Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаса (егер акционер Қоғамды қайта ұйымдастыру мәселесі қарастырылған акционерлердің Жалпы жиналысына қатысса және оған қарсы дауыс берген болса);
 - егер акционер ірі мәміле жасасу туралы шешіммен және (немесе) Қоғамның жасауына мүддесі бар мәмілені жасасу туралы шешіммен келіспесе;
 - акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның Жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толтықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаса (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол бұл жиналысқа қатысса және аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе).
- 2) Осы Ереженің 20 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген негіздер болған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысында тиісті шешім қабылданған күннен бастап отыз күннің ішінде акционер Қоғамға жазбаша өтініш жіберу жолымен өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қоюға құқылы.
- 3) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішінде сатып алу туралы нақты әрі бір мағыналы талап, акционердің сатып алуға ұсынатын акциялардың саны мен түрі, сондай-ақ акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілуге тиіс.
- 4). Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Қоғамның ресми орналасқан мекен-жайы бойынша жіберілуге тиіс.
- 5). Қоғам акцияларды сатып алу туралы өтінішті алғаннан кейін отыз күннің ішінде акционердің акцияларын сатып алуға міндетті. Қоғамның кіріс корреспонденциясы кітабында тіркелген күн өтініштің Қоғамға түскен күні деп саналады.
- 6). Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің акцияларды сатып алу туралы талабын Қоғам акционердің өтінішін алған күннен кейін 10 жұмыс күннің ішінде қарауға тиіс. Осы Ереженің 20 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген негіздер болмаған жағдайда, сондай-ақ заңнамада белгіленген және Қоғамның өзі орналастырған акцияларын сатып алуына тыйым салатын басқа жағдайларда Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің акцияларын сатып алудан бас тартуға құқылы, бұл жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күнінің ішінде акционерге акцияларды сатып алудан бас тартылғаны және бас тартудың себептері көрсетілген құлақтандыруды жіберуге тиіс.
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде акцияларын сатып алу туралы өтініш берген акционерге Қоғамның Директорлар кеңесінің оған тиесілі акцияларын Қоғамның сатып алатыны туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама, акцияларды алып-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізімі жіберіледі.
- 8). Қоғамның акцияларын сатып алуы сатып алу- сату шартымен рәсімделеді және және оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Акцияларды сатып алу- сату шарты міндетті түрде ақшаны аудару үшін акционердің банк реквизиттерін немесе акционерлер қолма қол ақша ала алатын орын туралы мәліметтерді қамтуға тиіс (жеке тұлға акционерлер үшін).
21. Акционердің талап етуі бойынша акцияларды сатып алу әдістемесі.
- 1) Акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы ұйымдастырылған құнды қағаздар рыногонда қалыптасқан нарық құны бойынша не болмаса Қоғам акцияларының сұраныс және ұсыныс бағасына сәйкес анықталады, және де Қоғамның өз капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарына және бағалы қағаздардың бағасын айқындауға әсер ететін басқа факторларға сәйкес.
- Акциялар құны келесі бағамен айқындалады:

$$C_a = M / n, \text{ мұндағы}$$

- Са – сатып алынатын акцияның бағасы,
М – айдың соңғы күніне саналған меншік капиталы,
n – сатып алынғандарды қоспағанда орналастырылған акциялардың саны.

2). Егер, акционер Қоғаммен ұсынылған бағамен келіспесе, сатып алу бағасы жақтардың келесімі бойынша белгіленеді. Сатып алу бағасы бойынша келісімге жетпеген жағдайда, дау қолданыстағы заңнамаларға сәйкес шешіледі.

5 тарау. АКЦИЯЛАРДЫ АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША САТЫП АЛУ

22. Қоғамның орналастырған акцияларды акционер өтініші бойынша сатып алу тәртібі
- 1) Акционер, өзіне тиесілі Қоғамның акцияларын сатқысы келетін Қоғамның акционері өзіне тиесілі акцияларын Қоғамның сатып алуы туралы өтініш беруге құқылы.
 - 2) Акционердің өзіне тиесілі акцияларын Қоғамның сатып алуы туралы өтініші жазбаша нысанда жазылуға тиіс және онда акцияларды алып-сату мәмілесін жасау туралы нақты әрі бір мағыналы ұсыныс болуға, акционердің сатуға ұсынатын акцияларының саны, сатудың ұсынылатын бағасы және мәміленің басқа да елеулі шарттары, сондай-ақ акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілуге тиіс.
 - 3) Акционер өзіне тиесілі акцияларын сатып алу туралы өтінішін Қоғамға жіберуге тиіс.
 - 4) Акционердің ұсынып отырған акцияларын сатып алу туралы өтінішін Директорлар Кеңесі акционердің өтініш берген күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарауға тиіс. Акционердің Қоғамға өтініш беруген күні Қоғамның кіріс кітабында акционердің өтініші тіркелген күн болып табылады.
 - 5) Қоғамның Директорлар Кеңесі акционердің өтінішінде көрсетілген акцияларды сатып алумен/мәміленің шарттарымен келіспеген жағдайда, Қоғамның Директорлар Кеңесі акционердің ұсынып отырған акцияларын сатып алудан бас тартуға немесе мәміленің шарттары бойынша келісімге келу үшін Қоғамның Атқарушы органына акционермен келіссөз жүргізуді тапсыруға құқылы.
 - 6) Сатып алудың шарттары бойынша келісімге келу үшін Қоғамның Атқарушы органы акционермен келіссөз жүргізетін жағдайда, Қоғамның Директорлар Кеңесі акцияларды сатып алу немесе сатып алудан бас тарту туралы түпкілікті шешімді Қоғамның Атқарушы органына Қоғамның акционермен келіссөз жүргізуінің нәтижесі туралы ақпаратты алған күннен бастап он бес күннің ішінде қабылдайды.
 - 7) Қоғамның Директорлар Кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, өзіне тиесілі акцияларды сатып алуға ұсынған акционерге құлақтандыру жіберіледі, онда Қоғамның Директорлар Кеңесінің оның акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама, сатып алудың бағасы, акцияларды алып-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізімі, сондай-ақ акционер Қоғамның акцияларын сату ниетін қанағаттандыру ниетімен жүгіне алатын орындардың мекен-жайлары мен телефондарының нөмірлері, сондай-ақ алып-сату шартын жасау үшін акционер келуге тиіс болатын мерзім және Қоғам акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын оның аяқталу күні көрсетілуге тиіс.
 - 8) Қоғамның акцияларын сатып алуы алып-сату шартына қол қою және оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Акцияларды сатып алу- сату шарты міндетті түрде ақшаны аудару үшін акционердің банк реквизиттерін немесе акционерлер қолма қол ақша ала алатын орын туралы мәліметтерді қамтуға тиіс(жеке тұлға акционерлер үшін).
23. Акцияларды сатып алу бағасын айқындау әдістемесі.
- 1) Акцияларды акционердің өтініші бойынша сатып алу. Қоғамның шығарылған акцияларын акционердің өтініші бойынша сатып алуының бағасы тараптардың уағдаластығы бойынша белгіленеді.
 - 2) Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуының бағасын айқындау кезінде Қоғам қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады, сондай-ақ қоғамның өз капиталының

мөлшерін, қоғамның даму жоспарына, заңнама талаптарына және бағалы қағаздардың бағасын айқындауға әсер ететін басқа факторларға сәйкес оның келешек өзгеруін ескереді.

24. Акцияларды соттың шешімі бойынша сатып алу тәртібі.

1) Заңды күшіне енген соттың шешімі болған жағдайда, қоғамның Директорлар Кеңесі егер соттың шешімінде басқа мерзім көрсетілмесе, соттың шешімі Қоғамға келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қоғамның акционеріне тиесілі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті. Соттың шешімі Қоғамға келіп түскен күн соттың шешімі тіркелген күн болып табылады.

2) Соттың шешімі заңды күшіне енгенге дейін Қоғамға келіп түскен жағдайда, қоғамның Директорлар Кеңесінің акцияларды сатып алуы үшін он бес күн мерзімі соттың шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап есептеледі.

3) Директорлар Кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күнінің ішінде акционерге қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның оның акцияларын сатып алуы туралы шешім қабылдағаны туралы хабарландыру, сатып алудың бағасы, акцияларды алып-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі қамтылған құлақтандыру жіберіледі.

4) Соттың шешімі бойынша Қоғамның акцияларды сатып алуының тәртібі акционердің өтініші бойынша акцияларды сатып алу тәртібін регламенттейтін осы Ереженің 5-тарауының нормаларымен реттеледі.

25. Акцияларды сатып алу бағасын айқындау әдістемесі

1) Егер соттың шешімінде басқасы айқындалмаса, қоғамның шығарылған акцияларын соттың шешімінің негізінде сатып алуының бағасы тараптардың уағдаластығы бойынша белгіленеді. Қоғамның Директорлар Кеңесі Қоғамның Атқарушы органына Қоғамның шығарылған акцияларын сатып алуының бағасы бойынша келісімге келу үшін акционермен келіссөз жүргізуді тапсыруға құқылы.

Акциялар құны келесі бағамен айқындалады:

$$C_a = M / n, \text{ мұндағы}$$

C_a – сатып алынатын акцияның бағасы,

M – айдың соңғы күніне саналған меншік капиталы,

n – сатып алынғандарды қоспағанда орналастырылған акциялардың саны.

2) Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуының бағасын айқындау кезінде Қоғам қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады, сондай-ақ Қоғамның өз капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарына, заңнама талаптарына және бағалы қағаздардың бағасын айқындауға әсер ететін басқа факторларға сәйкес оның келешек өзгеруін ескереді.

7 тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнадарына сәйкес шешіледі.